

егемен Қазақстан

Аманбай мен Жаманбай



Сайын дала Сарыарқаның бір бүйірінде жатқан Қарқаралының ұлт тарихындағы айрықша орны туралы аз жазылған жоқ. Ғажайып табиғаты қандай көркем болса, Қарқаралының тарихи тұлғаларының да тағдыры күрделі болып қалыптасты. Сондай асылдан туған арда азамат, алаштың айбоз ұлы Аманбай Шегіров жайлы әңгіме өрбітпекпіз. Ғасыр басындағы ділгір мамандық дәрігерліктің оқуын оқып, туған халқының дертіне шипа іздеген абзал жан, саналы ғұмырын сан алуан ауру-

сырқаттың жанында өткізген, осынау ұлы кәсібін өлгенше сүйіп өткен есіл ер жайлы қанша айтып жазсақ та, артық болмайды.

Аманбай Шегіров туралы қарағандылық өлкетанушылар Е.Мұстафин мен Ю.Поповтың зерттеу еңбектерінде тың мәліметтер бар. Сонымен қатар оның бір топ адаммен түскен фотосуретін және інісі Н.Ыбыраевтың қолымен жазылған қысқаша өмірбаянын сақтаған көрнекті ғалым, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың архивіндегі беймәлім деректер, ал Алаш қозғалысымен байланысы жайлы, ұлттық лидер

Ә.Бөкейханмен араласуы туралы белгілі ғалым Сұлтан Хан Аққұлы құрастырған «Әлихан Бөкейхан. Шығармалары» көптомдығындағы жекелеген хаттар дәлел бола алады. Қалай болғанда да, бұл мақаланы жазу барысында негізінен қарқаралылық өлкетанушы Ерлан Мұстафиннің зерттеу еңбектеріне басымдық беріледі.

Қарағашта туған ұл

Аманбай Шегірұлы Арғынның ішіндегі Әйтiмбет руынан шығады. Әйтiмбеттің Дулат, Байғұлы, Байғозы, Тiлеуке деген аталарының ішіндегі Байғозыдан Шегір туады. Мекені бүгінгі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша, Қарқаралының шеткі ауылы Бақтыға тиесілі жерлер болған. Тұлға өмірі жайлы көп ізденіп, зерттеулер жүргізген Ерлан Мұстафиннің дерегінше, Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінің Қызылшілік-Қарағаш Кент болысында 1881 жылы 24 шілдеде Шегір әулетінде Аманбай есімді ұл дүниеге келеді. Отбасында Жаманбай, Ыбырай деген екі ұл және Үрімбала есімді қарындасы болған екен.

Аса көрнекті ғалым, қазақ тарихындағы сталиндік репрессияның үшінші толқынында жазықсыз қуғындалып, түрмеге түссе де, қайтпаған қайсар тұлға Қайым Мұхамедхановтың жеке мұрағат қоры – сан алуан тақырыпты, әсіресе құпияға толы Алаш кезеңін зерттеушілер үшін жасырынған алтын көмбе сынды. Тұрсын Жұртбай мырза «Абайдың інісі, Алаштың ірісі» деп бағалаған ғұламаның тау сілеміндей мол мұрасының арасында Шегірдің Ыбырайынан тарайтын Нұрпейістің хаты сақталған. Кейіпкеріміздің балалық шағы, алғашқы оқуы жайлы деректі осы жалғыз хаттан (1984 жылғы 8 тамыз) біле аламыз: «Ол 1906 жылы Том медицина техникумын тәмамдайды. Болыстық басқару кезінде екі жасөспірімді жоғары медициналық оқу орнына түсуге рұқсат қағаз беретін. Ондай мүмкіндік негізінен байдың немесе болыстың отбасына ғана берілетін. Сол кезде баланы ресейлік губернияға оқуға жіберетін болса, шоқынып кетеді деген көзқарас болған. Сондықтан көп жағдайда байлар бұдан қашып, кедейдің балаларын беріп жіберетін болған. Міне, дәл сол кезде Шегірдің екі баласы: Жаманбай мен Аманбайдың жасы келіп тұрған еді. Сондай таңғажайып таңның бірінде болыстық басқарушы Спан Жанзақов менің атам Шегірді өзіне шақырып, былай деген: «Біз сенің Жаманбай мен Аманбайыңды орыстың Том қаласына оқуға жіберейік. Сен кедей болғандықтан, біз көмектесейік деп шештік. Оқу жылының аяғына дейін біз 3 қой, 2 ешкі, жоғары сорттағы ұн, 25 рубль береміз. Басқалай көмектесе алмаймыз. Егер бұған келіспесең, біз сенің екі ұлыңды мәжбүрлі түрде оқуға жібереміз». Атамның басқа мүмкіндігі қалған жоқ, ол келісімін берген. Көзінен жасы сорғалап, ол екі ұлын 1901 жылы Том қаласына жібереді. 1906 жылы оқу аяқталған соң екеуі де Қарқаралыға қайтып келеді».

Осылайша ғайыптан бұйырған бақ ағайынды екеудің өмір жолын өзгертті, туған еліне жақсылық жасап, шапағат дәнін себуге ынталандырды. Қарқаралы жеріне оралған ағайындылар медицина мен орман шаруашылығы саласында белсенді қызмет етуді бастады.

Аманбай Шегіров Қарқаралы ауруханасын, сонымен қатар бір мезетте қалалық денсаулық сақтау бөлімін де басқарған, дейді деректер. Н. Ыбыраевтың естелігінде мынадай жолдар бар: «1917-1922 жылға дейін Қарқаралы денсаулық сақтау басшылығын басқарды. Ал 1922-27 жылға дейін Қарқаралы қалалық ауруханасын, ал 1927-1930 жылға

дейін Қарқаралы қаласының дәріханасын басқарды». Ал 1930 жылдан соң Аманбай отбасының тағдыры басқаша қалыптасады, неге екені белгісіз, атамекеннен қоныс аударып, Алматыға көшеді. Алматыда қалалық ауруханада дәрігер болып қызметке кіріскен ол 1934 жылға дейін осы қызметті атқарыпты. «1934 жылдың шілдесінен Денсаулық сақтау министрлігінің мектепке дейінгі және балалар үйі бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысады», деп жазады

Е.Мұстафин.

«Адамның басы – Алланың добы» деген. Бұдан соң жолдама бойынша Аманбай Шегіров Қызылордаға қызмет ауыстырады. 1936 жылдан 1942 жылға дейін балалар үйінде меңгеруші болып қызмет атқарады. Өзіне қаралған жанның барлығының ақ алғысын алған абзал жанның өмірінің соңғы жылдары Семей жерінде өтеді. Ол 1942 жылдың қарашасынан бастап Жаңасемей мүгедектер үйінің басқарушысы болып орналасыпты. Ғұмырының соңғы демі таусылғанша осы қызметті атқарған екен. Том медициналық техникумының түлегі, қазақтың қайырымды қолы, ақ жүректі фельдшер Аманбай Шегіров 1947 жылы 1 мамырда қайтыс болып, Семей шаһарында жерленген.

Жүрегі мейірімге толы, әрбір емделушіге артық ықылас қойып емдейтін білгір маманның кәсіби қызметі жайлы баласындай болып кеткен інісі

Н.Ыбыраев: «...Көптеген ауыр науқастар жазылып кететін, оған тіпті республикадан тыс өңірлерден де науқастар келетін. Диагнозды ол аурудан сұрап білмейтін, науқастың тамырын ұстап анықтайтын. Сол бойынша рецепт жазып беретін. Аманбай ағаға қаралған науқастың 99%-ы жазылып кететін. Науқастар разы болатын. 1906 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ол денсаулық саласындағы жаңалықтарды насихаттады. Ол науқастарды ешқашан кейінге қалдырмайтын, қақаған аязда, түтек боранға қарамай, науқастарға баратын. Еш уақытта бас тартқан емес», деп тебірене еске алады. Тіпті, науқастарды өз үйінде қабылдату үшін сол кездегі Семей қалалық партиялық кеңес органының рұқсатын да алған көрінеді.

Ғасыр басындағы қарбалас

Қайым Мұхамедхановтың жеке архивінен табылып, ғалымның қызы профессор Дина Қайымқызы ұсынған тарихи фотосуреттегі ерекше болмысты

А. Шегіровтің тұлғасы зерттеуші ретінде мені көп қызықтырды. Осы аталған суреттің сыртқы бетінде ғұлама ғалым өз қолымен «Аманбай ? Жаманбай Шегіров» деп толтырған екен. Ал алдыңғы негізгі бетте араб графикасымен «ي.ابن ام.اج» деп жазғаны анық байқалады. Демек, ағайынды екеудің нақты қайсысы болуы мүмкін екендігіне ғалымның күмәні болған секілді. Семей шәрінінде тасқа басылған тарихи сурет 1911 жылы түсірілген делінсе, 1905 жылы бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қатарында тұрғаны даусыз аңдалады. Алғашында бұл толқуға Алаш қайраткерлерімен бір саптағы, кейін қарсы жақтағы Көлбай Төгісов, Нұрғали Құлжановтармен қатар отырған Аманбай Шегіровтің бекзат болмысы, ерекше стильдегі киімі, әсем отырысы өз заманының айтулы азаматы болғанын көрсететіндей. Сақал-мұрттын сәндеп басып, еуропалық үлгідегі киім киісінен өмір сүрген қоғамының маңдайалды тұлғасы болғанын білу қиын емес.

1910 жылы шыққан «Семипалатинские областные ведомости» газетінің № 39 санынан 1911 жылғы Қарқаралы уезі алқабилерінің тізімінде Аманбай Шегіровтің есімі аталады. Тағы бір тарихи деректе Қарқаралы уездік фельдшерлер қоғамының отырысы өтіп, хаттамасы толтырылғаны жазылады. 1917 жылдың 10 наурызында өткен жиында Аманбай Шегіровтің делегат болып қатысып, кейін уездік фельдшерлік қоғамның төрағасы болып сайланған. Қоғам мүшелері арасында Мұхамедия Оспанов, акушер Шегірова (Аманбайдың әйелі – Бәлішкен), Қарқаралы станциясының фельдшері Владимир Зотов, Төлеубай Шонтин, Әсет Сембаев, т.б. болған делінеді.

Ал белгілі өлкетанушы Юрий Поповтың деректері бойынша, 1917 жылы Қарқаралы уездік қазақ комитеті құрылуы жайлы тарихи маңызды құжаттарда да Шегіровтің есімі кездеседі. Аталған уездік комитетті құру үшін Семейдегі мұғалім

Нұрғали Құлжанов және Николай Васильевич Вайсер екеуі комиссар ретінде Қарқаралыға жіберіледі. Оларға бұл жауапты шаруа сеніп тапсырылады. 15 наурыз күні Қарқаралыға жеткен комиссарлардың алдында жергілікті халықты Уақытша үкіметке сенім артуға шақыру міндеті тұрды. Нұрғали Құлжанов Аманбайдың үйіне, Вайсер Игнати Бабиннің үйіне келіп түскен. 1911 жылы Семей шаһарында иық тіресіп суретке түскен бұл екеудің жолы Қарқаралыда тағы түйіседі.

1917 жылғы 5 наурызда Семейде облыстық атқару комитетінің қоғамдық ұйымдар комитеті құрылса, келесі күні, яғни 6 наурыздан Қарқаралыда уездік қазақ комитетінің жиындары ұйымдастырылып, оған 23 болыстан делегаттар қатысқан. Комитет мүшелерінен құрылған кеңестің төрағасы Жақып Ақпаев болса, орынбасар бастығы Нарманбет Орманбетұлы, кеңес хатшысы Смайыл Бектенов, хатшы көмекшісі Ахмет Бектібаев сайланады. Осы кеңес президумы мүшелерінің қатарында Ақайдың Хасені, Нығмет Нұрмақов, Смахан Бөкейханов секілді белгілі тұлғалармен бірге біздің кейіпкеріміз Аманбай Шегіровтің де есім-сойы анық жазылған.

«Қарқаралы уездік қазақ президумы мүшелерінің бірінші хаттамасын Жақып Ақпаев толтырған» дейді өлкетанушы Е.Мұстафин. Оның ойынша, Шегіров пен қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш Орда ұлттық үкіметінің мүшесі, заң магистрі Ақпайдың Жақыбымен байланысы жақсы арнада өрбігенін баса айту керек. Екеуі де Бекметевтер әулетінен қыз алып отырғанына қарасақ, бажа ретінде де жақсы араласуы әбден мүмкін.

Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінде уездік аурухана мен амбулатория жұмыс істеп тұрған. Кедей болысында фельдшерлік пункт тұрақты түрде ашылса, 3 фельдшерлік пункт жылжымалы жүйеде қызмет атқарған. 1926 жылғы деректерге сүйенсек, Қызылеспеде аурухана ашу және Кент болысында Тоқырау халқы үшін 2 амбулатория ашу жоспарланған. Медицина қызметкерлерінің штаты да көп болмаған: денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, қалалық және разъездік дәрігерлер, 2 лекпом, 1 акушер, 1 мейірбике, 2 ауруды күтуші, 1 ас пісіруші әйел және 1 күзетші. Болыстық жерлерде шешекке қарсы егуші ретінде тағы 4 және 6 адам жұмыс істеген.

Ел аузында сақталған әңгімелерге қарағанда Қарқаралыда Аманбай Шегіровтің еңселі ағаш үйі болған және ол аумақтағы алғашқы дәріхананы да осы үйінен ашқан деседі. Осындай нақты фактілерге құрылған деректер мен ауызша мәліметтерді саралай келе, 1917 жылғы Қарқаралыда адам тәні-жанын емдеумен қатар, қоғамды да сауықтыру ісінде Аманбай Шегіров қатыспаған оқиға жоқ екенін байқаймыз.

...Көптеген ауыр науқастар жазылып кететін, оған тіпті республикадан тыс өңірлерден де науқастар келетін. Диагнозды ол аурудан сұрап білмейтін, науқастың тамырын ұстап анықтайтын. Сол бойынша рецепт жазып беретін. Аманбай ағаға қаралған науқастың 99%-ы жазылып кететін. Науқастар разы болатын. 1906 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ол денсаулық саласындағы жаңалықтарды насихаттады.

Әлихан артқан сенім

Дәрігерлікті жаны қалап сүйсіне қызмет атқарған Аманбай Шегіров ұлт зиялыларының басын бір жерге жинап, саяси көзқарасы мен ерекше қабілетінің арқасында көшбасшыға айналған Әлихан Бөкейхан екеуі тығыз байланыста болған. «Қазақ даласындағы бүкіл діни-саяси қозғалыстың басшысы» ретінде сипатталған Ә.Бөкейхан 1906 жылғы 8 қаңтар күні Павлодардан Семейге баратын жолда ұсталған. 15 сәуірге дейін ол Павлодар түрмесінде отырды. Ол түрмеде отырып Мемлекеттік Думаның мүшесі А.М.Коллюбакинге хат жазады. Аталған хаттық толық мәтіні ғалым Сұлтан Хан Жүсіп құрастырып шығарған Әлихан Бөкейхан шығармаларының 5-томының 46-бетінде тұр.

Құрметті Александр Михайлович!

Черносотеншілерден (қаражүздер) құтылғаныңыз үшін шын жүректен қуаныштымын. Хаттың 14-бетіндегісін «Наша Жизнь» газетіне шығаруыңызды сұраймын. Басқа да сондай газеттен маған қырсық кездескенін байқайсыз.

*Мен К.Д. Мемлекеттік думаға кандидат ретінде съездің орнына түрмеге түстім.
Менен князь Д.И. Шах.-қа дұғай сәлем.*

*Қолыңызды қыстым.
Ә. Бөкейхан.*

Хаттың соңғы жағында Алаштың арысы хаттың жіті қадағаланып отырғанын ескерте келіп, «Егер хат жазғыларыңыз келсе, онда былай жазыңыздар: Павлодар. Медициналық фельдшер Аманбай Шегіровке, ішіне Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханға. Мемлекеттік Думада жолыққанша» деп аяқтайды. Демек, осы хатты түрмедегі Бөкейханға жеткізуші, екі ортадағы делдал Аманбай Шегіров екеніне анық көз жетеді. Ішкі құпиялар жазылатын хаттарды сеніп тапсырғанына қарағанда Әлихан Бөкейхан медициналық фельдшер А.Шегіровке сенген, көп үміт артқан.

Тамырын тереңге жайған алып бәйтеректей Әлиханның лидерге айналуы көптеген қарқаралылық жастардың жанарына үміт отын жақты. Ә.Бөкейханды аға тұтып, соңынан Әлімхан Ермекұлы, Мұхамедия Оспанов, Жақай Байыров, Нығмет Нұрмақов, Мұстафа Шантин, Әубәкір Нұрманов, Имам Әлібекұлы, Әбжан Ноғаев, Қапал Қайсақов, Мәннан Тұрғанбайұлы, Рақымбай Сапақов, Иманбек Тарабаев секілді қалың шоғырдың бел ортасында Аманбай Шегіровтің болуы заңдылық еді.

Тумаса да туғандай

Аманбай Шегіровтің алғашқы жары Бәлішкен Сәрсенбайқызы – Том қаласындағы медициналық оқу орнын бітірген дәрігер. Қарқаралы уездік фельдшерлер қоғамы құрылғанда қатардағы мүшесі болып қабылданған акушерка әйел осы кісі. Бәлішкен Шегірованың кәсіби қызметін адал атқара жүріп, өз еркімен жұмыстан шығып, мүгедектік алғаны жайлы қарқаралылық өлкентанушы Е.Мұстафиннің зерттеулерінде жазылған. Ол 1930 жылдың 5 тамызында акушерлік қызмет көрсетіп жүрген Шегірова 1931 жылдың 20 ақпанында ауырып, қызметтен босағаны және 5 күннен кейін мүгедектік тағайындалғаны жайлы архивтік материал ұсынады.

Аманбай Шегіровтың екінші әйелі Ділшат атақты татар көпесі Бекметевтер әулетінен шығады. Оның әкесі Ғұбайдолла қажы өз дәуірінің сыйлы кісісі, қадірлі адамы болыпты. Қарқаралыға мешіт салған Құнанбай, кейіннен Абай түсетін көк үйдің қожайыны Халиолла осы Ғұбайдолланың немере інісі еді. Қарқаралының беткеұстар азаматы деп білген ел-жұрт мәселесін шешу үшін оның үйіне жан-жақтан келіп жататын деп еске алады көзін көргендер. Ал Ділшат орта бойлы, арықтау келген, үй шаруасына мығым, тамақты өте дәмді әзірлейтін, киім тігіп, тоқитын еңбексүйгіш адам болыпты. 1977 жылы 27 мамырда Алматыда қайтыс болып, Кеңсайға жерленген екен.

Жұрттың баласын өз баласындай қараса да, тағдыр Аманбайға перзент сүюді жазбапты. Аманбай Шегіровтің баласы есепті інісі Нұрпейіс Ыбыраев Алматы ауылшаруашылық институтында білім алған. Оқу аяқталғанда оны майданға алып кетті. 5 жыл ол байланысшы болып қызмет етіп, көптеген әскери наградаларды иеленген. 1998 жылы Түрікменстанда қайтыс болды.

Ал Нұржамал бой жеткен соң Тәшім Бұхарбайұлы Молдабаев деген кісіге тұрмысқа шығады. Біраз уақыт бойында Ташкент қаласында тұрған дейді. Нұржамалдың 1925 жылы туған тағы бір қызын Аманбай асырап алып, оған «Искраида» деген есім береді. «Шегірова Искраида Аманбайқызы» деп жазғызады. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін жақсы бағаға бітірген Искраида 1965 жылдан бастап Алматы облыстық сотының мүшесі ретінде қызмет атқарған, 1970 жылдан 1985 жылға дейін Алматы облысы Қаскелең ауданының халық сотының төрағасына дейін көтерілген екен. 1985 жылы қайтыс болған.

Аманбайдың екі ағасы мен жалғыз қарындасы туралы деректер баршылық. Жаманбай мен Аманбай екеуі Том қаласына оқуға барғанымен, тегі бірдей екі баланы қабылдамайтынын біліп, ағасы әкесінің ағасының есіміне орай «Мананбаев» деп аталады.

1877 жылы туған Жаманбай Мананбаев Том орман техникумын бітіріп, орман шаруашылығы технологы мамандығын алып шығады да, Кентте орман технологы болып еңбек жолын бастаған. Боқты орман алқабының қорықшысы ретінде 1909 жылдан қызметін жалғастырған ол 1912 жылы император II Николайдың Станислав лентасындағы «Ынта-жігері үшін» күміс төсбелгісімен марапатталыпты. Аштық жылдары ауылдан кетуге мәжбүр болған Жаманбайдың отбасы алыстағы Хабаровскіден бір-ақ шығады. 1941 жылы сонда қайтыс болады.

Үш ұлдың қарындасы Үрімбала Құтпанбай деген азаматқа тұрмысқа шығып, одан Рақым, Нұрлан деген екі ұл көріпті. Осы Нұрланнан 1929 жылы туатын Әнел есімді апа қазір Астанада тұрады. Жасы тоқсанда.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі алашшыл азаматтар кәсібіне адал берілгендігіне қарамастан, қоғамдық жұмыстармен де қауырт әрі қарбаласта айналысуына тура келді. Уақыт қысылтаяң шақта осындай ділгірлікті талап етті. Ақ халатты абзал жан Аманбай Шегіров өмірінің қызулы шағы осы кезең бе деп тұжырымдауға келетіндей. Себебі Алаштың арыстары Әлихан Бөкейхан, Ақпайдың Жақыбы, Смахан төремен бірге тізе қосып, иық теңестіріп, қатар қимылдап, қысқа уақыт шегіндегі ұлт тағдыры жолында қызмет сіңіргеннен артық бақыт болар ма, сірә.

Заңғар КӘРІМХАН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты